



ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫЛАР –
ЕЛ МЕРЕЙІ

2



ШЕКАРА – ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ
БЕРІК ШЕБІ

5



ЖӨРМЕҢКЕ МЕ,
ЖАЙ САУДА МА?

6

№33
(6762)

20 тамыз БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ

ЖАЙЫҚ ШҰҒЫЛАСЫ

Махамбет аудандық қоғамдық-саяси газеті

Газет 1941 жылдың
19 наурызынан
шыға бастады



www.zh-shugylasy.kz

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТП

РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАУ

жазаны жеңілдеткенмен, жауапкершіліктен босатпайды



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ Қ.ТОҚАЕВ 2026 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛАДЕСІНДЕ АУҚЫМДЫ РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАУ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ЖӘНЕ ІЛЕСПЕЗАҢДАРҒА ҚОЛҚОЙДЫ. РАҚЫМШЫЛЫҚҚА 16,5 МЫҢНАН АСТАМ СОТТЫЛЫҒЫ БАР АДАМДАР ІЛІГЕДІ. БҰЛ РЕТТЕ 4 МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖАЗАДАН БОСАТЫЛАДЫ. АЛ 10 МЫҢНАН АСТАМЫ МЕРЗІМДЕРІН ҚЫСҚАРТАДЫ. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДА АЛҒАШ РЕТ ӘКІМШІЛІК РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАЛУДА. АЗАМАТТАР МЕН БИЗНЕСКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖҮКТЕМЕНІ АЗАЙТУ ҮШІН АЙЫППҰЛДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРЫЛАДЫ. РАҚЫМШЫЛЫҚҚА 17 МЛРД

ТЕҢГЕДЕН АСТАМ СОМАҒА 1 МЛН ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ ҚАМТЫЛҒАН. РАҚЫМШЫЛЫҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРАЛЫҚ, ТЕРРОРИСТІК ЭКСТРЕМИСТІК ҚЫЛМЫСТАР, ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛ СУҒЫЛАУЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАР ҮШІН СОТТАЛҒАН АДАМДАРҒА ӘСЕР ЕТПЕЙДІ. БІР СОТТЫЛЫҒЫ ҮШІН ЖАЗАНЫҢ ӨТЕЛМЕГЕН БӨЛІГІН ҚЫСҚARTY КӨЗДЕЛГЕН. СОНЫМЕН ҚАТАР ӨМІР БОЙЫНА БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫНА СОТТАЛҒАНДАР, СЫРТТАЙ СОТТАЛҒАН АДАМДАРҒА РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАУ ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ.

3-бетте

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!



Сайлау күні басқа қалада болсаңыз...

Егер дауыс беру күні басқа қалада, облыста немесе елде болып, тұрақты тіркелген жеріңіз бойынша дауыс бере алмайтын болсаңыз, қазір есептен шығару куәлігін алуға құқығыңыз бар.

Сайлаушының есептен шығару куәлігін алуға құқығы бар. Ол үшін жазбаша өтініш беріп, жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну жеткілікті. Есептен шығару куәлігі 22 тамыз күні сағат 18:00 – ге дейін беріледі.

Есептен шығару куәлігін жеке өзіңіз, сондай-ақ сенімхат бойынша өкіл арқылы алуға болады. Сенімхатты нотариалдық куәландыру талап етілмейді. Сайлаушы болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады. Учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушыны сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді, — деп түсіндірді Орталық сайлау комиссиясы.

ОСК есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда қалпына келтірілмейтінін және оның телнұсқасы берілмейтінін ескертті.

Айта кетер жайт, бір елді мекен шегінде басқа сайлау учаскесінде дауыс бергісі келетін сайлаушыларға дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәлігі берілмейді.

Орталық сайлау комиссиясының баспасөз қызметі



Құрметті оқырмандар!

СІЗДЕРГЕ «ЖАЙЫҚ ШҰҒЫЛАСЫ»
ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ ЖАРНАМА БӨЛІМІ ТӨМЕНДЕП
АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНАДЫ:

- ✓ Әр аптаның бейсенбі күні жарыққа шығатын аудан айнасы арқылы Сіздер ата-анаңыз, ағайын-туыстарыңыз, дос-жарандарыңыз бен әріптестеріңізді, ұстаздарыңызды туған күндерімен, мерейтойларымен құттықтап, есте қаларлық сый жасасаңыз болады.
- ✓ Мерекелік құттықтаулардан бөлек, өмірден өткен жандардың қаделеріне шақыру, еске алу, қазанама, көңіл айтулар да қабылданады.
- ✓ Сатылымға шығарған қандай да бір мүлкіңіз болса немесе айырбастауды ойлап жүрсеңіз ол туралы газет бетіне тұрақты жариялап отыруға мүмкіндік мол.
- ✓ Бізде құжаттарды жоғалту, жарамсыз деп тану, нотариалды істің ашылуы немесе жабылуы сынды хабарламалар беру де қарастырылған.
- ✓ Сондай-ақ әлдекімге алғыс айтып немесе жеке адам жайында естелік-мақала жариялағым келеді десеңіздер бізге хабарласыңыздар.
- ✓ Барлық ақылы қызмет түрлері бойынша хабарландыруларды газеттің әлеуметтік желідегі парақшаларына да жариялай аласыздар!

Толығырақ мәліметті жарнама бөлімінің
2-11-34, 8 778 144 88 01
телефон нөмірінен біле аласыздар!

ЦИФРЛАНДЫРУ

Цифрлық теледидарға көшу

Цифрлық эфирлік теледидарға (ЦЭТВ) көшу – бұл жай ғана технологияны ауыстыру емес, Қазақстанның әрбір тұрғыны үшін олардың мегаполисте немесе шалғай ауылда тұруына қарамастан ақпаратқа тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. Бұл жобаның басты ұйымдастырушысы және орындаушысы — бүкіл ел бойынша телерадиохабар тарату желісін салуға және жаңартуға жауапты «Қазтелерадио» АҚ.

Ауылдық жерлер мен шағын елді мекендерде аналогтық сигнал жиі тұрақсыз болып, кедергілерге ұшырап, қолжетімді арналар саны шектеулі болатын. Бұл өңір тұрғындарының ірі қалалардың тұрғындарына қарағанда ақпаратқа аз қол жеткізуіне алып келетін «цифрлық теңсіздік» деп аталатын жағдайды тудызы. Цифрлық хабар тарату осы мәселені шешуге арналған.

«Қазтелерадио» АҚ ЦЭТВ-ның қамту аймағын кеңейту бойынша белсенді жұмыс істеуде. Ол үшін бүкіл ел бойынша жаңа хабар тарататын станциялар салынып, іске қосылуда. Бүгінгі таңда Қазақстанның көптеген елді мекені цифрлық сигналмен қамтылған және бұл жұмыс жалғасуда. Ұзақ қашықтықта сапасын тез жоғалтатын аналогтық сигналдан айырмашылығы, цифрлық сигнал тұрақты болып, тіпті ең шалғай ауылдарда да анық бейне мен таза дыбысты қамтамасыз етеді.

Биыл Атырау облысы Исатай ауданының Аққыстау ауылы, Өркен ауылы, 17-разъезд, Жанбай ауылы, жаңа Жанбай ауылы, Хамит Ергалиев ауылы, Ауқайран ауылы, Жасқайрат ауылы, Тұшқыұдық ауылы, Айбас ауылы, Қызылұй ауылы және Махамбет ауданының Есмахан ауылы, Көздіқара ауылы цифрлық революцияның бір бөлігіне айналады. ЦЭТВ (цифрлық эфирлік телехабар тарату) қамту аймағына енген ауылдардың толық тізімін Қазақстан Республикасының телерадио хабар тарату жөніндегі ұлттық операторының qtr.kz ресми сайтынан білуге болады. Олардың басқа ауылдық елді мекендердегідей қарауында негізгі республикалық және өңірлік телеарналарды қоса алғанда 15-ке дейін арна болды. Сонымен қатар облыс орталықтарында абоненттерге 30-ға дейін арна қолжетімді, бұл контент таңдауын едәуір кеңейтеді.

Өңірлер мен ауылдарда ЦЭТВ-ға көшу өте оңай және үлкен шығындарды қажет етпейді. Өз антеннаңызды тексеріңіз. Цифрлық сигналды қабылдау үшін көдімгі дециметрлік (ДМВ) антенна қажет. Егер сізде бұрыннан бар болса, оны ауыстырудың қажеті болмауы

мүмкін. Егер сіздің теледидарыңыз ескі үлгіде болса және кіріктірілген DVB-T2 қабылдағышы болмаса, сізге арнайы қосымша құрылғы (ресивер) сатып алу қажет болады. Бұл теледидарға оңай қосылатын шағын әрі арзан құрылғы. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін цифрлық қосымша құрылғыны тегін алу мүмкіндігі қарастырылған.

Әрбір тұрғынның ЦЭТВ-ның артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы білуі маңызды. «Қазтелерадио» АҚ өңірлерде ауқымды ақпараттық науқандар өткізеді. Бұл БАҚ-тағы түсіндіру жұмыстары, халықпен арнайы кездесулер және ақпараттық материалдарды тарату. Нәтижесінде цифрлық теледидарға көшу — бұл жай ғана техникалық жаңарту емес, әрбір азаматтың сапалы контентке тең қол жеткізе алатын Қазақстандағы бірыңғай ақпараттық кеңістікті құру жолындағы маңызды қадам.

«ҚАЗТЕЛЕРАДИО» АҚ

